27–28 наурыз күндері Моңғолияның Баян-Өлгий аймағында Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі және «Otdandastar Qory» қоры ұйымдастырған «Моңғолиядағы Қазақстандық білім күндері» көрмесі өтті. Көрмеге Қазақстанның 17 жоғары оқу орны өкілдері қатысты.

Іс-шара болашақ талапкерлерді Қазақстанда оқытудың артықшылықтары туралы ақпараттандыруға және әртүрлі жоғары оқу орындары туралы толық ақпарат беруге бағытталған. Көрменің ашылу салтанатына Баян-Өлгий аймағының әкімі Зангар Есентайұлы, білім басқармасының жетекшісі Айдын

Баянұлы және қазақ тілі мен әдебиеті бойынша аға әдіскер Әсемгүл Ибрагимқызы қатысты.

Білім басқармасы басшысының айтуынша, биыл өңірдегі мектепті 1700 оқушы бітіріп жатыр, оның 600–700-і қазақстандық жоғары оқу орындарына түскісі келеді. Олар Қазақстан университеттеріне түсу мүмкіндіктері мен берілетін жеңілдіктерге белсенді қызығушылық танытты.

Талапкерлердің ерекше қызығушылығын тудырған университеттердің бірі — Әбілқас Сағынов атындағы техникалық университеті (Saginov Technical University).

Олар бұл шараның қазақ диаспорасы жастары үшін маңыздылығын атап өтіп, Қазақстандағы жоғары білім жүйесі жөнінде құнды ақпараттармен бөлісті.

Болашақ студенттерге Қазақстанның жетекші техникалық универ-

ситеттерінің бірі — Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті туралы жан-жақты мәліметті Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Пайдалы қазбалар кен-орындарын өндіру» кафедрасының аға оқытушысы Хусан Болатхан мен «Инновациялар және ғылыми-техникалық бағдарламалар бөлімінің» басшысы Әзілханов Рымхан баяндады. Олар университеттің білім беру бағдарламалары мен оқу перспективалары жайында толық ақпарат берді.

Кездесу барысында талапкерлерге гранттық бағдарламалар, білім беру бағдарламалары, жатақхана және университеттің басқада артықшылықтары туралы жан-жақты ақпарат берілді.



Машина жасау саласын дамыту және жаңа формациядағы жоғары білікті кадрларды даярлау

Сіздерді «С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ профессоры, т.ғ.д. Шеров Кәрібек Тағайұлының 60 жылдық мерейтойына орайластырылған «Машина жасау саласын дамыту және жаңа формациядағы жоғары білікті кадрларды даярлау» (жағдайы, проблемалары және оларды шешу жолдары) халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының жұмысына қатысуға шақырамыз Конференция 2025 жылғы 30–31 мамырда «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ базасында өтеді.

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:

- Секция 1. Машина жасаудағы заманауи технологиялар және автоматтандыру;
- Секция 2. Инженерлік-техникалық білім: кадрларды даярлаудың жаңа форматтары;
- Секция 3. Өндірістің техникалық-экономикалық аспектілері: технологиялар, машиналарды пайдалану және жөндеу, инновациялық материалдар және материалтану.

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

1. Тіреуов Қанат Маратұлы — «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы-Ректор, ҚР ҰҒА академигі;
2. Мардонов Бахтияр Тешаевич — Науайы мемлекеттік тау-кен технологиялық университетінің ректоры, т.ғ.д., профессор;
3. Базарбаев Талгат Каирбайұлы — «Қазақстан машинажасаушыларының одағы» ЗТҚ атқарушы дирекцияның директоры;

4. Сырғалиев Ержан Өмірханұлы — «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ Басқарма үшесі-ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі проректор, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент;
5. Мехтиев Али Джаванширович — «А. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ, Басқарма мүшесі — ғылыми жұмыстар бойынша проректор, т.ғ.к., профессор;
6. Аликулов Джавлан Ергешович — И. Кәрімов атындағы Ташкент мемлекеттік техникалық университетінің профессоры, т.ғ.д.;
7. Муслимов Аннас Паясович — ҚР ғылымы мен техникасының еңбек сіңірген қайраткері, Қырғызстан ҰҒА академигі, Б. Н. Ельцин атындағы Қырғыз-Ресей Славян университетінің профессоры, т.ғ.д.;
8. Ахметов Ержан Советұлы — «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті»

КеАҚ техникалық факультетінің деканы, т.ғ.к., профессор.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

1. Абулхаиров Д. К. — т.ғ.д., профессор, ҚазҰЖҒА академигі (С. Сейфуллин атындағы ҚАЗТУ);
2. Абсадықов Б. Н. — т.ғ.д., профессор, ҚРҰҒА академигі (Қ. Сатпаева атындағы ҚазҰЗТУ);
3. Нукешев С. О. — т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корр. мүшесі (С. Сейфуллин атындағы ҚАЗТУ);
4. Тошов Ж. Б. — т.ғ.д., профессор (И. Каримов атындағы ТашМТУ);
5. Схримовбаев М. Р. — э.ғ.д., профессор (Қазтұтынуодағы ҚУ);
6. Дудкин М. В. — т.ғ.д., профессор (Д. Серикбаев атындағы ШҚТУ);
7. Кадыров А. С. — т.ғ.д., профессор (А. Сагинов атындағы ҚартУ);
8. Усербаев М. Т. — т.ғ.к., доцент (С. Сейфуллин атындағы ҚАЗТУ);
9. Кокаева Г. А. — т.ғ.к., доцент (С. Сейфуллин атындағы ҚАЗТУ);
10. Касенов А. Ж. — т.ғ.к., профессор (Торайғыров университеті);
11. Булхаирова Ж. С. — PhD, қауым. профессор (С. Сейфуллин атындағы ҚАЗТУ);
12. Гришин А. Н. — т.ғ.к., профессор (С. Сейфуллин атындағы ҚАЗТУ);
13. Абишев К. К. — т.ғ.к., профессор (Торайғыров университеті);
14. Юрченко В. В. — PhD, қауым. профессор (А. Сагинов ат. ҚартУ);
15. Маздубай А. В. — PhD, қауым. профессор (Торайғыров университеті);

16. Мусаев М. М. — PhD, қауым. профессор (А. Сағынов атындағы ҚартУ).

КОНФЕРЕНЦИЯ ДЕМЕУШІЛЕРІ — «РАПИД механикалық зауыты» ЖШС, «Керуен Тек Трэйд» ЖШС.

Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Конференция жұмысына қатысуға ниет білдірушілерді **2025 жылғы 25 мамырға** дейін Ұйымдастыру комитетіне ұсынуларыңызды сұраймыз: қоса берілген форма бойынша қатысуға өтініш; төменгі талаптарға сәйкес жасаған; баяндаманың тезистері; басқа жерден алынған болуы туралы анықтама (антиплагиат).

Конференцияға қатысу тегін.

Конференция жұмыстарының жинағы ISBN-мен конференция өткеннен кейін басып шығарылады және С. Сейфуллин ҚАЗТУ сайтында электронды форматта орналастырылады. Конференцияға қатысу үшін материалдар келесі электронды мекенжайға жіберілуі керек: a.sagitov@kazatu.kz.

Пошталық мекенжай: 010011 Астана қ, Жеңіс көш, 626, Сәкен Сейфуллин атындағы ҚАЗТУ (4 корпус, 1 этаж, 4106 каб.).

Конференцияны ұйымдастыру комитетінің жауапты хатшысы:

- Сагитов Алмат Ардакович — Ph.D.
- Тел.: (WhatsApp) +7 778 808 23 61.

ЖҰМЫСШЫ ЖЫЛЫ — жігерлі жастардың жеңісі



2025 жыл — Қазақстан тарихындағы ерекше мәнге ие кезеңдердің бірі. Өйткені, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2024 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында 2025 жылды ресми түрде «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Бұл шешім еліміздегі техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға, еңбек адамына деген құрметті арттыруға бағытталған маңызды әрі уақыт талабына сай қадам болды. Президент өз Жолдауында: «*Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау — айрықша өзекті мәселе. Бұл — экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам. Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз*», — деп атап өтті. Бұл сөздер бүгінгі жас ұрпаққа, әсіресе техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінде оқып жатқан студенттерге үлкен серпін беріп, оларды еңбекке, кәсіпке деген құрметпен қарауға шақырды. Жұмысшы мамандығын тек кәсіп ретінде емес, ел дамуының іргетасы, мемлекет тірегі ретінде қарау — осы жылдың басты ұстанымына айналды.

Осы тұста еліміздің түкпір-түкпірінде Жұмысшы мамандықтары жылын қолдауға бағытталған түрлі мазмұнды шаралар, форумдар мен байқаулар ұйымдастырылып келеді. Соның бірі — Абай облысының Білім басқармасы мен Семей қаласындағы Геологиялық барлау колледжінің ұйымдастыруымен өткен «Жастар — жаңа геологиялық ашылулар жолында» атты Республикалық студенттік форумы. Бұл форум — еліміздегі техникалық және кәсіптік білім алып жатқан жастардың басын қосқан, кәсіби біліктілік пен шығармашылықты ұштастырған мазмұнды алаң болды.

Аталған форумға Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Инновациялық технологиялар колледжінен «Жер Ана сыры» атты команда қатысып, колледждің намысын абыроймен қорғап қайтты. Аталған команда құрамында КОРМПИ-11/24-1 және КОРМПИ-11/24-2 топтарының білім алушылары — Жолдас Жанбота, Есентай Нұрасыл, Қазбеков Қуаныш, Смағұл Нұрлан және Маратұлы Арман бар. Команда жетекшілігін колледждің тәжірибелі де шығармашыл ұстазы Таттымбетова Эльмира Атанатовна атқарды. Форум аясында студенттер үш негізгі бағыт бойынша сынға түсті: «Мен мамандығыммен мақтанамын» атты сахналық қойылым көрсету, геологиялық бағыттағы пәндік викторина

және мамандыққа қатысты техникалық кейс-тапсырмаларды орындау. Осы үш кезеңде де «Жер Ана сыры» командасы өздерінің кәсіби дайындықтарын, мамандыққа деген ынта-жігерлерін және командалық рухтарын көрсетіп, жалпыкомандалық есепте жүлделі III орынды иеленіп, колледждің мерейін асырды.

Бұл жетістік кездейсоқтық емес. Бұл — білім алушылардың күнделікті еңбегінің, ұстаздарының бағыт-бағдар беруінің және ең бастысы, колледж басшылығы тарапынан жасалған қолдаудың нәтижесі. Осы орайда, Инновациялық технологиялар колледжі студенттеріне осындай ірі ауқымды республикалық іс-шараға қатысу мүмкіндігін жасағаны үшін колледж директорының еңбегіне ерекше тоқталғымыз келеді. Студенттердің кәсіби тұрғыдан қалыптасуына, олардың бәсекеге қабілетті маман ретінде шыңдалуына мүмкіндік ашып отырған басшылықтың бұл қолдауы — шынайы қамқорлықтың, іскерлік көзқарастың, болашаққа деген сенімнің айғағы. Колледж директоры Смагулова Нурбиби Абсадыковнаның ұйытқы болуымен ұйымдастырылған бұл сапар — студенттердің өз мамандықтарына деген сүйіспеншілігін арттырып қана қоймай, оларды еңбекке деген құрмет пен жауапкершілікке тәрбиеледі. Сол үшін де шәкірттердің атынан, ұстаздар қауымының атынан колледж басшылығына, сондай-ақ студенттерге республикалық деңгейдегі форумға қатысуға мүмкіндік жасағаны үшін Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Басқарма Төрағасы — Ректор Сауле Саветовна Сағинтаеваға зор алғысымызды білдіреміз!

Ел Президенті атап өткендей, адал еңбек — адал табыстың бастауы. Жастардың бойына осы қағиданы сіңіру — тек ата-ананың ғана емес, білім ордаларындағы



ұстаздар мен басшылықтың да басты міндеті. Жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру арқылы біз ел болашағына сенімді, білікті, еңбекқор, отаншыл мамандарды тәрбиелеп шығара аламыз. Ал сол мамандардың бүгінгі қалыптасуы — осындай форумдар мен тәжірибелік алаңдар арқылы жүзеге асады. Сондықтан да «Жастар — жаңа геологиялық ашылулар жолында» атты форумның мәні де, маңызы да орасан.

Инновациялық технологиялар колледжінің студенттері өз білімдері мен өнерлерін ортаға салып, тек өз командаларының емес, бүкіл колледждің абыройын қорғап, өздерін Жұмысшы мамандықтары жылының лайықты өкілдері ретінде көрсетті. Бұл жеңіс — табандылықтың, үздіксіз еңбектің, кәсіби ынтаның және ұжымдық бірліктің көрінісі. Жастардың жетістігі — ұстаз еңбегінің жемісі. Ұстаз бен студент арасындағы сенімді байланыс — осы форумдағы сәттіліктің басты кілті болды.

Бүгінгі жас — ертеңгі ел тірегі. Ендеше еңбекке деген құрметті бүгіннен бастап қалыптастыру — болашаққа салынған сенімді көпір. Жұмысшы мамандығы — бұл жай ғана кәсіп емес, бұл — елге қызмет етудің, қоғамға пайда әкелудің нақты жолы. Сол жолда жастарымыздың табанды еңбегі мен жарқын жеңістері бола берсін!

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті Инновациялық технологиялар колледжінің оқытушысы Баймамырова Аяулым Мейрамовна





Біздің университеттің әскери кафедрасы өткізетін іс-шаралар, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай «Ұлы Жеңіс:

Ұлы Жеңіс: Ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі

Биыл Қазақстан халқы мен бүкіл әлем Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығын атап өтеді. Осы мерекелік датаны атай отырып, біз нацизмді жеңудің барша ұлылығын тағы да ұғынамыз. Біздің, тек біздің әкелеріміз осы қара күшті жеңіп, талқандап, құртып жібергенін мақтан тұтамыз. Бұл адам тарихындағы ең қантөгісті, кескілескен соғыс болды. Ол жиырма миллионнан астам адамның өмірін алып кетті. Олардың қатарында біздің бақытымызға, тәуелсіздігімізге жол ашқан қазақстандықтар да болды.

ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» ұранымен бекітілген жоспарға сәйкес іс-шаралар өткізілді. Осыған орай, 7–12 сәуір аралығында әскери кафедраның барлық студенттеріне сабақтар өткізілетін күндері Ұлы Отан соғысына қатыс-

қан қазақстандық жауынгерлер туралы әскери-патриоттық фильм көрсетілді.

Қаза тапқан жауынгерлерді еске ала отырып, біз ұлы халқымызға, оның майдандағы және тылдағы еңбегіне мақтаныш сезімін білді-



реміз. Біз олардың ерлігіне тағзым етеміз.

Іс-шараларды өткізудің мақсаты болашақ офицерлер мен сержанттардың бойында патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру және оларды азаматтық, тарихи есте сақтау және борыш сияқты құндылықтарға баулу болып табылады.

ҚарТУ докторанты ERG New Leader 3.0 жобалар байқауында топ жарды



Бекарыс байқауға «Ақтөбе ферроқорытпа зауытының экструзия учаскесінде брэкстерді кептіруге арналған пеш салу» атты жобасын ұсынып, сарапшылардан жоғары бағасын алды. Өндірістік

Астана қаласында өткен ERG тобының жас кадрлар резерві — ERG New Leader жобалар байқауы өз мәресіне жетті. Бұл ірі додада еліміздің түкпір-түкпірінен келген жас ғалымдар өздерінің тың идеяларын ұсынып, нағыз жаңашылдықты дәлелдеуге тырысты. Осындай тартысты сында Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Нанотехнологиялар және металлургия» кафедрасының 1-курс докторанты Бекарыс Салқынбаев өзгелерден оза шауып, жүлделі II-орынды иеленді.

тиімділікті арттыруға бағытталған бұл жоба өзектілігімен де, техникалық жаңашылдылығымен де ерекшеленді. 150 үміткердің арасынан іріктеліп, бірнеше кезеңнен өтіп, финалға жеткен 33 қатысушының қатарында болды. Бір жылға созылған дайындық кезеңінде

финалистер кәсіби оқыту модульдерінен өтіп, өндірістік бағыттағы жобаларын әзірледі.

Бекарыстың бұл жетістігі университет ғылымының нақты өндіріс сұраныстарымен үндесуінің айқын көрінісі. Жас ғалымның ізденісіне бағыт-бағдар бер-



ген ғылыми жетекшісі — техника ғылымдарының докторы, профессор Аристотель Исағұлов.

ERG сынды алпауыт өндірістік компания ұйымдастырған ауқымды байқауда жүлдегер атану — болашақ көшбасшылар қатарына қосылудың мықты қадамы.

«Ақпараттық-есептеу жүйелері» кафедрасының студенттері Республикалық пәндік олимпиаданың жүлдегерлері атанды



Сәуір айының екінші онкүндігінің соңында Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Ақпараттық-есептеу жүйелері» кафедрасының студенттері 68061 «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» бағыты бойынша XVII республикалық пәндік олимпиаданың II кезеңіне қатысты. Ол Алматы қаласындағы Ғ.Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің («Energo University») базасында өтті.

«Ақпараттық-есептеу жүйелері» кафедрасының доценті м.а. Н. Мутовиннің сүйемелдеуімен



Иван Луков, Давид Кожаметов және Назар Алпысбаевтан құрал-

ған біздің команда III орынға ие болды.

Теорияны практикамен нығайту



Жақында Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дың ГПР-24-2 тобының студенті Дильнара Баймұратова Семей облысындағы Brand Ambassador Kaz Minerals компаниясының Ақтоғай мыс кен орнында болды. Компания жол ақысын төлеп Тұран вахталық қалашығында тұрғын үй берді.

Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ түлектеріне деген жоғары сұранысты немен түсіндіруге болады? Жауап біреу — мамандарды сапалы даярлау. Профессорлық-оқытушылық құрамның жоғары кәсіби еңбегінде дауа жоқ, әйтсе де, студенттер тікелей өндірісте өтетін тәжірибе бұл жерде үлкен рөл атқаратынын атап өту керек. Сонымен қатар, олар үшін болашақ жұмыс туралы толық түсінікке ие болу үшін кәсіпорындарға тұрақты экскурсиялар өткізіледі.


— Кәсіпорын қызметкерлері мені және басқа балаларды өте жылы қабылдады, — дейді Дильнара. — Бізге бәрі өте ұнады. Басшылық пен қызметкерлердің қарым-қатынасы да, кәсіпорындағы еңбекті ұйымдастыру да.

Ең әуелі Дильнара мен басқа қалалардан келген студенттер кәсіпорын қызметкерлерін оқытатын оқу корпусымен таныстырылды. Содан кейін оларды қауіпсіздік техникасымен танысып, арнайы киім мен жеке қорғаныс құралдарын берді. Ал оқу кабинетінде

оларға VR көзілдірік берілді, ол арқылы оксид пен сульфид зауытына арналған сорғы жиналды.

Бірақ карьердің өзі ерекше әсер қалдырды. Мұнда балалар топырақты тасымалдау, Hitachi бұрғылау станогын орнату және басқа да жұмыстардың қалай жүріп жатқанын көре алды.

Екінші күні студенттер оксид зауытымен таныстырылды. Онда оларға мыстың диірмендерде қалай ұсақталатынын және одан әрі өңдеуден өтетінін егжей-тегжейлі түсіндірді.



Оксид зауытынан кейін сульфид зауытына барды. Сульфид зауытында автоматтандырудың жоғары деңгейінде өндірілетін мысты кезең-кезеңімен өңдеу көрсетілді. Қауіпсіздік техникасына балалардың назары ерекше аударылды.

Кәсіпорындарға бару Дильнараны жаңа біліммен байытты, тау-кен металлургия саласындағы жұмыс туралы толық түсінік берді.

I место в Международном конкурсе по дронрейсингу!

22 апреля текущего года в ТОО «Astana IT University» города Астаны состоялся отборочный турнир Международного конкурса по дронрейсингу на симуляторе AITU KazRoboDrone 2.0. в категории JUNIOR Студент. Конкурс был организован ТОО «Astana IT University», ТОО «R&D центр «Казахстан инжиниринг» и Казахстанской Федерацией спортивной и образовательной робототехники «KazRobotics» при поддержке Caravan of knowledge, ТОО «Drone KZ».

НАО «Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова» представили студенты 118 учебного взвода цикла «Боевое применение специальных подразделений» военной кафедры Данияров Нурдаулет, Дошмет


Диас и Пердеев Азамат. По результатам конкурса студент **Данияров Нурдаулет** награжден сертификатом победителя, за занятое **I место**.

За проявленное мастерство и высокие результаты победи-

тель приглашен представить свой регион на Финальном этапе конкурса с участием международных гостей. Финал состоится 20 июня текущего года.

Пожелаем Даниярову Нурдаулету удачи в предстоящем Финальном этапе конкурса!

**Заместитель начальника военной кафедры
НАО «Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова»
по воспитательной и идеологической работе,
подполковник А. Нугманов**



Качество транснационального образования

КарТУ имени Абылкаса Сагинова в лице Члена Правления — Проректора по стратегическому развитию и цифровизации Тимура Канапьянова принял участие в семинаре, организованном совместно с Посольством Великобритании, посвященном вопросам обеспечения качества транснационального образования. Завершением мероприятия стал официальный приём в резиденции Посла Великобритании, г-жи Кэти Лич.

Напомним, что с декабря 2024 по март 2025 года национальные эксперты из ведущих казахстанских вузов совместно с международными специалистами британского агентства QAA (Quality Assurance Agency for Higher Education) работали над разработ-

кой «Рамки обеспечения качества транснационального образования». Данный документ представляет собой систему принципов и стандартов, направленных на повышение качества международных образовательных программ, реализуемых в Казахстане.

В ходе семинара были представлены результаты предварительных отчетов, разработанных в рамках данного проекта. Основной целью мероприятия стало обсуждение предложенных принципов и механизмов контроля качества с широкой аудиторией, включающей представителей казахстанских университетов, аккредитационных агентств и Министерства науки и высшего образования РК.

Семинар стал важной площадкой для обмена опытом и обсуждения путей внедрения международных стандартов в ка-

захстанскую систему высшего образования. Участники обсудили ключевые вызовы и перспективы транснационального образования, а также стратегические шаги по созданию надежной и эффективной системы аккредитации и контроля качества в этой сфере.

КарТУ имени Абылкаса Сагинова продолжает активно развивать международное сотрудничество и внедрять передовые практики в образовательный процесс, стремясь к соответствию мировым стандартам и обеспечению высокого уровня подготовки специалистов.



«Қазақстан-2050» Стратегиясын іске асыруға жастар ғылымының қосқан үлесі



Екі күн ішінде, 10–11 сәуірде Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде «Қазақстан-2050» Стратегиясын іске асыруға жастар ғылымының қосқан үлесі» атты республикалық студенттік ғылыми конференция өтті.

— Өйткені, ҚР Президентінің: «Біз инженерлер, конструкторлар, жобалаушылар, агрономдар, бағдарламашылардың елі болуымыз керек» деген сөздері сіздерге арналған. Демек, сіздер ғылымды алға қарай дамытып, елдің болашағын құрасыздар, — деп атап өтті ол. — Баршаңызға жемісті жұмыс, барлық белгіленген мақсаттарға қол жеткізуде табыс тілеймін!

Пленарлық отырыста конференция жұмысының бірінші күні тоғыз баяндама тыңдалды. Әрқайсысы өзінше қызықты болды. Ү. Дәулетқалиқызының баяндамасында көрініс тапқан жасанды интеллектке байланысты құқықтық, философиялық және этикалық аспектілерді алайық, немесе А. Джашибекова айтқан гидроэлектрo-металлургияның заманауи әдістері мен технологиялары немесе

А. Магадиева таныстырған тау-кен өнеркәсібіндегі тұйық циклді инновациялық экономика мәселелері және студенттер мен магистранттардың басқа да баяндамалары — олардың барлығы ұсынылған тақырыптардың өзектілігімен және оңтайлы шешімдерді, белгілі бір бағыттардағы міндеттерді табуға тырысуымен ерекшеленді.

Студенттер мен магистранттардың баяндамалары мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жасалғанын атап өткен жөн, бұл олардың дайындық деңгейін де көрсетеді. Аппарат басшысы, т.ғ.д., модератор рөлін өз мойнына алған, профессор Аристотель Исагулов атап өткендей, баяндамашыларға конференцияға қатысушылармен неғұрлым жақын байланыс алдын ала жазылған баяндамаларды оқымай-ақ тіл табысуды қамтамасыз етеді. Әри-

не, оларға дайындалу керек. Бірақ, әркім өз тақырыбын жақсы меңгергеніне қарағанда, олар қағазға баяндама жасағанда қарамай-ақ қоюларына болатын еді. Сонымен бірге, өз ойларын ауызша жеткізу дағдыларын жетілдіру, бұл тек кәсіпте ғана емес, өмірде де пайдалы болары сөзсіз.

Секциялық отырыстар жоғары деңгейде өтті, олар келесі күні жалғасты. Мұнда да баяндамашылар ұсынылған тақырыптар бойынша материалды жақсы біліп, қойылған барлық сұрақтарға сенімді жауаптар берілді. Конференция жұмысының арқасында қатысушылар өз білімдерін байытып, оқуын және ғылыммен айналысуын жалғастыра отырып, өздерін байқап көруге және іске асыруға ниетті көптеген қызықты идеяларды баяндады.

Конференцияға Қазақстан мен таяу шет елдердің 23 жоғары оқу орнынан барлығы 722 баяндама келіп түсті. Баяндамалардың тақырыбы тау-кен ісі, машина жасау, құрылыс және басқа да салалардағы проблемаларды қарау бойынша кең ауқымды бағыттарды қамтыды.

Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ базасында «Қытай тілі көпірі» байқауының өңірлік кезеңі өтті. Ол үш жас санаты бойынша өткізілді: 6 жастан 11 жасқа дейін және 12 жастан 17 жасқа дейін мектеп оқушылары және студенттер.

Қытайдан келген өкілдердің қатысуымен өткен байқаудың шарттары бойынша ең жас байқауға қатысушыларға «Қытай тілі, шаттық және қөңіл көтеру» тақырыбы бойынша алты минуттық



Қытай тілі көпірі



қойылым дайындау қажет болды. Ал ересектеу оқушылар мен студенттер екі кезеңнен өтуі керек болды. Олардың біріншісінде 25 минут ішінде Қытайдың географиясы, тарихы, экономикасы және мәдениеті туралы 50 сұраққа жауап беру, содан кейін — өзі туралы айту және шығармашылық нөмірін көрсету.

Бұл Жеңімпаздың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы

жарқын жетістіктеріне, біздің жақын көршімізбен ынтымақтастықтың дамуы мен нығаюына, басқа да себептерге байланысты ма, әлде мұның бәрі бірге өз рөлін атқарды ма, алайда Қытайға, оның мәдениетіне, тіліне деген қызығушылықтың артқаны айқын. Өңірлік конкурсқа қатысу бұған қосымша дәлел болды. Оған қатысқысы келетіндер оқушылардың да, сондай-

ақ студенттердің де арасында жеткілікті болды.

Олар тілді білумен ғана емес, Қытай өмірінің әртүрлі аспектілері туралы сұрақтарға берген жауаптарымен де қуантты. Ең жас қатысушылар арасында Мансур Мансуров — 1-орын; Дария Слюченко — 2-орын; Камила Шарипова — 3-орын алып, жеңіске жетті.

Екінші жас тобында мына оқушылар ерекшеленді: Ева Кузнецова — 1-орын; Алина Аманжолова — 2-орын; Алексей Бочарников — 3-орын.

Студенттер арасында Никита Слинько 1-орынды; Қарлығаш Ғазизова — 2-орынды; Саида Мейрамова 3-орынды иеленіп, үздік нәтижелер көрсетті. Үшеуі де біздің Конфуций институтының тыңдаушылары екенін атап өткен жөн.

Жеңімпаздарды құттықтаймыз және Астанада өтетін байқаудың алдағы Республикалық кезеңінде сәттілік тілейміз!

Мұхтар Мағауин мұрасы: ҚарТУ-да рухани кеш өтті

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде тағылымы терең, рухани мазмұны зор әдеби кездесу өтті. Кештің арқауы — қазақ қаламгері Мұхтар Мағауиннің шығармашылығы болды. Әдеби басқосуға кәсіпкер, меценат, «Natige» фабрикасының директоры, «Qasym Kitap» баспасының негізін қалаушы Ерлан Әшім құрметті қонақ ретінде шақырылды. Ол Мұхтар Мағауиннің шығармашылық мұрасы жайында кеңінен әңгімелеп, жазушымен жеке таныстығы, жүздесулері туралы шынайы естеліктерімен бөлісті. «Qasym Kitap» баспасынан жарыққа шыққан жазушының кітаптарымен таныстырды. Мұхтар Мағауиннен бата алған, өсиетін тыңдаған жан ретінде өзін ең бақытты қазақ санайтынын жеткізді.



Еркін форматта өткен әсерлі кездесуде ол жастармен ашық әрі шынайы сұхбат құрып, мотивациялық рух берер сөздерімен ерекше әсер қалдырды.

«Болашақтың кілті — білім мен руханиятта. Кітап оқымаған адам ХХІ ғасырда жетістікке жетем деп ойламасын. Әдебиет — ойды тәрбиелесе, ғылым — сол ойды жүзеге асырады» — деп тұжырымдап, жастарға ой салды.

Шарада ҚР Журналистер одағының мүшесі, қаламы қарымды журналист Аңғар Марғозыұлы да сөз алып, Мағауиннің шығарма-

шылығына тоқталды. «Ол — тарихтың терең қатпарларына үңілген, сөздің салмағын, ұлттың жүгін көтерген қаламгер. Бүгінгі жас буын оның еңбектерінен тағылым алуы тиіс», — деп атап өтті.



Сондай-ақ, Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы Нұрлан Зейітханұлы «Мұхтар — ұлттық рухтың иесі. Оның әрбір шығармасы — қазақ руханиятының темірқазығы. Біз Мағауин арқылы ұлтымыздың өткенімен, рухымен қайта табысамыз», — деп тоқталып, жазушының кітаптарын жарыққа шығарып, кітап оқуды насихаттап жүрген Ерлан Әшім мырзаға ризашылығын білдірді.

Тағылымды кездесуді ұйымдастырған Химия және химиялық технологиялар кафедрасы және Жастар саясаты департаменті сту-

денттерге әдебиет әлеміне, ұлттық болмысқа бір қадам жақындатқан әсерлі кеш сыйлаған қонақтарға алғыстарын жеткізді.

Кеш аясында «Qasym kitap» кітап баспасының көрмесі мен «Natige» сүт фабрикасы өнімдерінің жәрмеңкесі де ұйымдастырылды. Бұл — рухани азық іздеген жастарға таптырмас мүмкіндік болды. Кітап сөрелерінен өзіне керегін тапқан әр оқырман, отандық өнімдердің де сапасымен танысып, өнегелі шарадан рухани серпіліс алды.



Встреча с Муратом Абдрахмановым — участником рейтинга Forbes Kazakhstan «50 самых влиятельных бизнесменов Казахстана»

В КарТУ имени Абылкаса Сагинова состоялась гостевая лекция Мурата Абдрахманова — одного из самых влиятельных бизнесменов Казахстана. Она была организована офисом коммерциализации Saginov Technical University совместно с Terricon Valley.

Приветствовавший именитого гостя от имени руководства университета Член Правления — Профессор по стратегическому развитию и цифровизации Тимур Канапьянов подчеркнул, что студентам и всем участвующим в настоящей встрече представилась уникальная возможность познакомиться с человеком, который входит в число самых известных предпринимателей Казахстана. Мурат Абдрахманов является участником рейтинга Forbes Kazakhstan «50 самых влиятельных бизнесменов Казахстана» в 2011 и 2022 годах, супер-ангелом, основателем MA7 Ventures и совладельцем компаний АО «ASTEL» и сети стоматологических клиник «Dent-Lux».

За 10 лет он инвестировал более 25 миллионов долларов в более чем 50 стартапов — доходность по некоторым проектам достигала 7-кратного возврата инвестиций.

Неудивительно, что активный зал университета был заполнен, как говорится, до отказа. Ведь всем интересно было уз-

нать, как ему удалось добиться таких успехов в бизнесе? Что вдохновляло и мотивировало его на этом пути? Что посоветовал бы он, желающим начать собственный бизнес?

Скажем сразу, Мурат Абдрахманов не обманул ожиданий участников гостевой лекции. Вспомнив о своих студенческих годах, отметил стремительное развитие технологий — от обычных литиевых батареек и канувших в лету пейджеров до мобильных телефонов и интернета, без которых мы не представляем своей жизни.

— По-хорошему завидую вам, родившимся в эпоху уже пятой информационной революции, —

сказал он. — Перед вами открыты такие возможности, о которых предыдущие поколения могли только мечтать.

Но реализация этих возможностей зависит от ваших знаний. И если я, закончивший вуз три десятилетия лет назад, смог освоить новые технологии, то нынешнему поколению это тем более под силу. Было бы желание.

И честно предупредил: для того, чтобы быть успешным в любой сфере, а тем более в бизнесе, надо постоянно учиться. Такая вот судьба выпала на долю нынешнего поколения. Сказал он это не потому, что воздавал должное студенческой аудитории. Просто действительно считает, что главное, чему сегодня должны учиться в любом вузе страны — научить учиться.

Поделился Мурат Абдрахманов и опытом по работе стартапов. По имеющейся статистике 87–89 процентов стартапов закрываются в первый же год, а 3–5 процентов — и через три года. В свая-

зи с этим рассказал о наиболее типичных ошибках, которые приводят к такому печальному исходу. Подсказал, как можно избежать рисков и с чего лучше начинать свой бизнес. О том, какое значение имеют в жизни каждого его хобби, любовь к избранному делу.

Как и было обещано в анонсе гостевой лекции, у участников была возможность задать свои вопросы Мурату Абдрахманову, чем они и воспользовались в полной мере по ее завершению.

Спрашивали о том, что стало для него отправной точкой роста в бизнесе; о критериях при отборе инвестируемых проектов; с чего лучше начинать путь к успеху; с каким уклоном школу он выбрал бы для своего ребенка.

В заключение встречи Тимур Канапьянов поблагодарив гостя за содержательную лекцию и вручил ему памятный сувенир от университета.



Saginov Technical University студенттері республикалық олимпиаданың жүлдегерлері атанды



Олимпиаданың мақсаты — дарынды студенттерді анықтау, дамыту және қолдау, сондай-ақ қазақ тілін тереңдетіп оқыту.

Олимпиадаға Қазақстанның 10 жетекші жоғары оқу орнының командалары қатысты. Оның ішінде Әбілқас Сағынов атындағы Қар-

сәуір айының екінші он күндiгiнде Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетiнде «Қазақ тiлi» пәнi бойынша басқа ұлт студенттерi арасында Республикалық пәндік олимпиада өттi.

ТУ да бар. Олар қазақ тiлi бойынша өз бiлiмдерi мен дағдыларын көрсеттi.

Іс-шараның салтанатты ашылуында Ә. Марғұлан атындағы университет ректоры Ержан Әмірбекұлы қатысушыларды құттықтап сөйлеген сөзінде осындай зияткерлік сайыстардың қазақ тілін дамытудағы маңыздылығын атап өтті. Ол олимпиада білім мен тәжірибе алмасу үшін тамаша алаң екенін атап өтті.

Екі күн ішінде қатысушылар қазақ тілі бойынша ауызша және жазбаша тапсырмаларды орындады. Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Сағынов сұңқарла-

ры» командасы «Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент Қ. Қалыбекова; ф.ғ.к., доцент Н. Нығметова; п.ғ.м., оқытушы А. Бекқұлованың жетекшілігімен, Арх-23-3 тобының — В. Естремская; Сиб-24-9 тобының — Н. Тиланбаева; ЦАФ-24-3 тобының — Д. Лейман студенттері құрамында жүлделі ІІІ орынға ие болды. Сондай-ақ «Ілтипат» номинациясы бойынша марапатқа ие болды.



Пищевые отравления и их профилактика

Пищевые отравления — это острые инфекционные заболевания, возникающие в результате употребления пищи, массовно обсемененной определенными микроорганизмами или содержащей токсичные для организма вещества микробной или немикробной природы. Наиболее опасны пищевые токсикоинфекции и интоксикации микробной природы. Пищевые токсикоинфекции вызываются живыми микроорганизмами, попадающими в организм человека с пищевыми продуктами в результате их заражения (от животных и рыб) или в процессе хранения и приготовления. На наших кухнях сохраняется влажная среда, с множеством остатков органических веществ на столах, досках для разделки продуктов, в раковине и холодильнике. Это является благоприятным условием для размножения патогенной микрофлоры, невидимой глазу, которая легко переселяется на посуду и продукты, заражая их. Часто

возбудителей инфекции к хранимым продуктам приносят мыши, крысы или мухи. В процессе своей жизнедеятельности патогенные микроорганизмы выделяют много токсинов, которые и отравляют организм человека, попав в него с зараженной пищей. Пищевые отравления чаще всего возникают как ботулизм, сальмонеллез, стафилококковые инфекции. Во избежание пищевых отравлений, нужно выполнять простые правила гигиены питания, хранения и приготовления пищи:

- Кухонную посуду, плиту, поверхность разделочных и обеденных столов, раковины, кухонный инвентарь содержать в чистоте, при мытье использовать моющие средства.
- Для разделки свежих и уже готовых продуктов использовать отдельные или специальные ножи и разделочные доски.
- Продукты употреблять только свежие, не хранить их в открытом виде, защищать от насекомых и грызунов.

• Замороженные мясо и рыбу не оттаивать в воде.

• Сырые яйца перед использованием промывать под проточной водой с моющими средствами, на предприятиях общественного питания — подвергать дезинфицирующим средствам, разрешенным в установленном порядке в соответствии с инструкциями по их применению.

• Фрукты и овощи, зелень перед использованием замачивать в воде, подкисленной уксусом (можно яблочным, 3–4 столовые ложки на 1 литр воды), а затем промывать под проточной водой.

• Покупая скоропортящиеся продукты питания в торговой сети обращать внимание на конечные сроки реализации и дату изготовления продукта, которые должны быть указаны на самой упаковке продукта или в сопроводительных документах на продукты (качественные удостоверения, санитарно-эпидемиологические заключения).

• Разогретую пищу употреблять не позже двух часов, позднее подвер-

гать повторной термической обработке.

• Не употреблять кремовые кулинарные изделия (торты с кремами, пирожные) позже указанного конечного срока реализации.

• Не хранить на одной полке в холодильнике сырые продукты и уже приготовленные блюда, особенно в открытой посуде. Контейнеры для хранения готовых продуктов тщательно герметично закрывать.

• Ежедневно соблюдать правила личной гигиены и мыть руки после посещения общественных мест и туалета.

• Мусорное ведро обрабатывать моющими и дезинфицирующими средствами, закрывать его крышкой, чаще освобождать от мусора.

Соблюдая вышеперечисленные условия, вы уберете себя и своих близких от возможных неприятностей и болезней. Будьте здоровы!

Главный специалист УСЭК района имени Казыбек би
г. Караганды
Тулешова Айнаш Еламановна



Мастер-классы для студентов от представителей Университета Шихэцзы

В КарТУ имени Абылкаса Сагинова посетила делегация из Китая. В составе делегации были представители Университета Шихэцзы — институтов китайской литературы, культуры и физкультуры.



В течение четырех дней они проводили мастер-классы в Институте Конфуция и на кафедре «Архитектуры и дизайна» КарТУ имени Абылкаса Сагинова, пансионате «Добрые руки». В ходе их проведения студенты и другие участники, впервые соприкоснувшиеся с китайским письмом и каллиграфией, были ознакомлены с историей возникновения письменности в Китае, попробовали написать некоторые иероглифы, хотя так и просится слово «нарисовать». Но сразу оговоримся: иероглифы, которыми пользуются в письме современ-

ные китайцы, не являются рисунками как раньше — в период зарождения письменности. Поэтому будет правильнее сказать, что иероглифы пишут или, на худой конец, прописывают. Но очень важно делать это в правильном порядке и направлении черт, иначе получится белиберда. Вот почему вместе с каллиграфией были проведены мастер-классы по рисованию.

Выбор студентов кафедры «Архитектуры и дизайна» был не случаен. Именно они, как решили преподаватели вуза, были лучше других подготовлены к мастер-классам по каллиграфии и рисункам. И не ошиблись в выборе. Студенты всех групп, принявшие участие в мастер-классах, довольно легко смогли справиться с заданиями, которые предложили выполнить гости.

Интересны были мастер-классы и для более продвинутых студентов, обучающихся в нашем Институте Конфуция. Поскольку проводили их опытные китайские преподаватели — Wu Yan (каллиграфия) и Chen Min (рисование).

Надо отдать им должное, ко всем участникам мастер-классов, несмотря на то, что с большинством им приходилось общаться с помощью переводчиков, они сумели найти подход.

На высоком уровне прошли мастер-классы и по основам тайцзицюня — боевой и оздоровительной системе, пользующейся большой популярностью в Китае. Это объясняется тем, что изучение форм тайцзи позволяет нарабатывать человеку ценные личностные и духовные качества, улучшает физическое и психическое



здоровье, повышает умственную активность.

Преподаватель Института физкультуры Liu Guofeng провел занятия со студентами, которые охотно повторяли за ним несложные движения. Тем не менее, хватило часа, чтобы они смогли убедиться в их эффективности, получить хороший заряд бодрости на целый день.

В целом, проведенные мастер-классы получились очень интересными и познавательными. Они позволили гостям и хозяевам лучше узнать друг друга, обогатили ценным опытом и послужили делу дальнейшего углубления и укрепления сотрудничества между нашими университетами.



В ЗДОРОВОМ ТЕЛЕ ЗДОРОВЫЙ ДУХ

Студенттер лигасындағы волейболдан жарыстар қорытындыланды



Турнир ерлер мен әйелдер арасында өтті. Біздің студенттер жарады. Жарыс қорытындысы бойынша біздің жасөспірімдер командасы екінші орынды, ал әйелдер командасы құрметті үшінші орынды иеленді.

Ерлер командаларының қорытынды жағдайы: 1 орын — Е. Бөкетов атындағы ҚарУ; 2 орын —

25 сәуірде студенттер лигасына қатысқан біздің волейболшылардың маусымы аяқталды. Турнир «үйде-қонақта» ойын жүйесі бойынша екі айналымда өтті. Турнирдің өзі 2024 жылдың қазан айында басталып, сәуір айының соңына дейін созылды.

кетов атындағы ҚарУ; 2 орын — Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ; 3 орын — Е. А. Бөкетов атындағы ҚарУ-2; 4 орын — «Болашақ» колледжі; 5 орын — Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-2; 6 орын — ҚЖПК; 7 орын — ҚМУ; 8 орын — Гуманитарлық колледжі; 9 орын — ИИМ ҚА.

Әйелдер командаларының қорытынды жағдайы: 1 орын — Е. Бөкетов атындағы ҚарУ; 2 орын —

«Болашақ» колледжі; 3 орын — Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ; 4 орын — ИИМ ҚА; 5 орын — ҚМУ; 6 орын — ҚЖПК.

Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ ерлер командасының жаттықтырушысы, «Дене тәрбиесі» кафедрасының аға оқытушысы О. Елукешов, әйелдер командасының жаттықтырушысы — осы кафедраның оқытушысы А. Елукешов.

Итоги традиционной 64-ой межфакультетской спартакиады



По сложившейся традиции кафедра «Физического воспитания» КарТУ имени Абылкаса Сагинава ежегодно, в течение учебного года, проводит межфакультетскую спартакиаду по 12 видам спорта.

Цель спартакиады — пропаганда здорового образа жизни, привлечение студентов к регулярным занятиям спортом, воспитание у них потребности в физическом совершенствовании.

Соревнования проходили по таким видам спорта как:

- казак куресі, главный судья Рахимбеков Б. К.: 1 место — ФЭАТ, 2 место — ГФ, 3 место — ФИТ;
- настольный теннис, главный судья Исабаев Е. Ж.: 1 место — ГФ, 2 место — ФИТ, 3 место — АСФ;
- шахматы, главный судья Мадияров М. К.: 1 место — ТДФ, 2 место — МФ, 3 место — ФИТ;
- силовое многоборье, главный судья Сайдуллин В. Н.: 1 место — ГФ, 2 место — АСФ, 3 место — ФИТ;
- гиревой спорт, главный судья Кужахметов С. Б.: 1 место — ФЭАТ, 2 место — ГФ, 3 место — ФИТ;
- асық ату, главный судья Тажибай Н. Ж.: 1 место — ГФ, 2 место — ФИТ, 3 место — АСФ;
- волейбол мужской, главный судья Елеуешов О. Н.: 1 место — ГФ, 2 место — ФИТ, 3 место — ФЭАТ;
- женский, главный судья Елеуешов А. Е.: 1 место — ГФ, 2 место — АСФ, 3 место — ФЭАТ;
- баскетбол, главный судья Закиллин Р. Р.: 1 место — АСФ, 2 место — ФИТ, 3 место — ГФ;
- шашки, главный судья Мадияров М. К.: 1 место — ГФ, 2 место — МФ, 3 место — ФЭАТ;
- тоғыз құмалақ, главный судья Мадияров М. К.: 1 место — ФЭАТ, 2 место — ГФ, 3 место — ФИТ;
- футбол, главный судья Окасов Е. А.: 1 место — МФ, 2 место — ФИТ, 3 место — ГФ.

На протяжении всего учебного года команды факультетов мерялись силами в этих видах спорта. В итоге, первое общекомандное место заняла команда Горного факультета; второе место — студенты факультета Энергетики, автоматики и телекоммуникаций.

Saginov Technical University студенті аралас жекпе-жекпен Қазақстан чемпионатының жүлдегері атанды

Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ студенті Тимур Бекбосынов (24–10 СИБ) аралас жекпе-жекпен жуырда өткен «NOMAD MMA» Қазақстан чемпионатына қатысты. Ол 18–19 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында 60 келі салмақ дәрежесінде сынға түсті.



Әдеттегідей чемпионат республиканың түкпір-түкпірінен көптеген қатысушыларды жинады. Ал Тимурдың салмақ дәрежесінде көптеген мықты қарсыластар болды.

Бірақ Тимур өзінің еңбегі мен табандылығы нәтижесінде өзінің салмақ дәрежесінде чемпионаттың жүлдегері атанды. Ол екінші орынға ие болды.

Бұл, әрине, оның дене шынықтыру бойынша жаттықтырушысы, Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ «Дене тәрбиесі» кафедрасының оқытушысы Вячеслав Чженнің еңбегі.

Saginov Technical University студенті кір спортынан әлем чемпионатының жүлдегері атанды

26–30 сәуір аралығында Ханабад қаласында (Өзбекстан Республикасы) кір спортынан 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында әлем чемпионаты өтті.

Әлем чемпионатына 30 елдің ең мықты өкілдері қатысты. Оның ішінде Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ студенті Максим Шипихин (СиБ-24-9 тобы) бар. Ол 68 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде өнер көрсетті.

Жарыстағы қатаң бәсекелестікке қарамастан, Максим өте жақсы нәтиже көрсете алды. Чемпионат қорытындысы бойынша ол екінші орынға ие болды.



Saginov Technical University командалары көктемгі жеңіл атлетика кроссында екінші орын алды



26 сәуір күні Қарағанды қаласының орталық саябағында қаланың жоғары оқу орындары арасында дәстүрлі көктемгі жеңіл атлетикалық кросс өтті.

Біздің университеттің әйелдер және ерлер командалары сәтті өнер көрсетті. Екеуі де Е. А. Бөке-

тов атындағы ҚарУ командаларынан кейін екінші орынды иеленді. Біздің командалар құрамы: ұл-

дар — Дмитрий Золкин (Н-23-2), Александр Краснов (МСМ-23-2), Артур Захарченко (Маш-23-2), Мадияр Мұстафин (СиБ-23-7), Владимир Сказутин (С-23-2); қыздар — Дана Хасенова (Лог-23-2), Әлия Балтабаева (ИСЗС-23-1), Еркемай Сартаева (Арх-23-1), Александра Обивалина (Э-24-2), Дилара Хайрулина (ЦАФ-24-2).

«За политехнические знания»

№4(1640) 30 сәуір 2025 ж.

Меншік иесі және құрылтайшысы: ӨМҚ Қарағанды техникалық университеті

Редакцияның мекен-жайы: 100027, Қарағанды қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 56 үй, бас корпусының 403 каб. Тел.: +7 701 394 81 18, 56-24-10 (қос. – 1079).

Эл. пошта: gazeta.kstu@mail.ru. Газетті www.kstu.kz сайтынан оқуға болады.

БАҚ есепке қою туралы куәлігі Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде № 4253-Г 08.10.2003 ж. берілген.

Айына 1 рет жарық көреді. Таралымы: 350 дана.

Газеттің басылған орны: 100027, Қарағанды қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 56 үй, 4 корпус. ҚарТУ баспасы.

Редактор: А. Александров

Фото: Д. Иманалиев.

Тарату аймағы: Қарағанды техникалық университеті.

Материалдарды қайта басу кезінде газетке сілтеме жасалуы шарт.

Редакция пікірі мақала авторларының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін.

Редакция мүмкіндігінше авторлық стильді және жарияланымның емлесін сақтайды.

Редакция ұсынған авторлық материалдарды себебін түсіндірмей қабыл алмауға қызылы. Қолжазбаларға пікір жазылмайды және қайтарылмайды.